

Сырбойлық жастар қаланы қалыпқа келтіру ісіне белсенді атсалысуда. Еріктілер де халықпен бірге өкенин көрсетуде. «Біз қашанда халықпен біргеміз. Елдің бауырмалдығы, ауыз-біршілігі осындай сын сағатта біліне керек. Қала – ортақ үйіміз. Біз бұл істі жұмыла көтеруді міндет санаймыз. Қазақстан азаматы ретінде елдің қиын-қыстау сәтінде қолдау білдіру – патриоттық борышымыз», – дейді облыстағы еріктілер фронт-офисінің жетекшісі Болатбек Айтбенбетов.

Бұзақылардың қатысуымен орын алған жағдай адам шошырлық. Ол тұрғындардың бойына үрей билеткен де рас. Әр үйде отырып, сырттағы жағдайға алаңдағанымыз, бала-шағасының болашағын ойлаған ата-ананың көңілі бүгінде бір арнаға түсті. Билік тиісті шараларды қолға алды, жағдай тұрақталуда. Жоғарыда айтқанымыздай, жастар оған бірауыздан жұмылып,

«БОЛАШАҚ»: БАҚТАН БҰРЫН БАП КЕРЕК

Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман. Жаңа ғасырдың интеллектуал өреніне мүмкіндік сыйлап, ізденіс жолына үлгі беретін бағдарламалар мен жобалар аз емес. Соның бірі де бірегейі, қазақтың брэндіне айналған «Болашақ» бағдарламасымен талай талапты жас еуропаның үздік оқу орындарында білімін жалғастырып, елінің өсіп-өркендеуіне үлесін қосуда. Бұл – көкірегі ояу, көзі ашық, саналы һәм сапалы ұрпақтың әлемдік деңгейдегі оқытушылардан кәсіби тәжірибе алмасып, тиісті саланы көркейтуіне қосылған үлкен мүмкіндік.



бір жүйеге түсуге септесуде. Бұған облыстық «Жастар ресурстық орталығы» қызметкерлері мен облыстағы еріктілердің атқарған ісі дәлел. Олар елмен бірге қиындыққа төтеп беруде. Жұмытталғанды жамал, сыңанды түзеуге білек сыбана кіріскен.

– Аймақ жастары қаланы қалпына келтіру жұмыстарына белсенді атсалысуда. Олар жауапкершілікті сезінеді және алдағы уақытта да еліміздің гүлденуіне өз үлесін қосатын болады. Ел басына түскен қиын күнде жастарды алып-қашпа әңгімеге ермеуге, ресми ақпаратқа ғана сенуге шақырамын. Біз елмен біргеміз, – дейді бізбен әңгімесінде орталық директорының орынбасары Талғат Тілес.

Сыр жастары еліміздің қуанышында да, қайғысында қасынан табылып, қайырымдылық істерден құр қалған емес. Мәселен, жалпай тәртіпсіздік салдарынан зардап шеккен облыс әкімдігін қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде олардың ұйымшылдығымен ас әзірленіп, үлестірілді. Сондай-ақ қазір олар бірқатар ғимараттардың тазалық және жөндеу жұмыстарына қол ұшын беруде. Ал облыста зардап шеккен ғимарат аз емес. Бұл ретте еріктілерден құралған топ дәл қазір материалдық тұрғыдан қолдау білдіре алмаса да, моральдық тұрғыдан қолдауға дайын өкенидіктерін жеткізуде.

– Жастардың бұл істің басы-қасынан табылып, қол ұшын созып жатқаны қуантады. Қаланы көгалдандыру жұмыстарын бүгінге дейін қолға алға алған едік, енді туған өлкеміз қалпына келуіне септесек, ел қажетіне жарағанымыз деп білеміз. Аз уақыттың ішінде орын алған жағдай барлық қазақстандықтардың

Статистиканы сөйлесек, 1993 жылдан 2020 жылға дейін барлығы 13 978 азамат стипендия иегері атанған. 10 700-і – түлектер. Соның ішінде 7 700-і келісімшартқа сай шетелден елге оралып, Қазақстанда мамандығы бойынша еңбек еткен, яғни мемлекет алдында берешегін өтеген. Үздіксіз іске асып, әр жолы жалынды жастардың жаңа легін аттандырып келе жатқан «Болашақ» бағдарламасының талаптары мен белгілі сала өңірлеріне берілетін жеңілдіктеріне өзгеріс енгізілгені көпке мәлім. Талаптың күшейтілуі стипендияға лайықты жасты тап басып таңдаудың алғышарты.

2020 жылдан бастап «Болашақ» халықаралық стипендиясына құжат қабылдау және конкурстық іріктеу толық автоматтандырылды. Өзге де өзгерістер туралы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Айнур Қарібозова «Үкіметтің 2020 жылғы 6 мамырдағы №271 қаулысы бар, яғни «Болашақ» стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Жаңа ережеге сай, енді барлығына тең мүмкіндік беру қарастырылған.

Барлық квота санаты жойылды. 2020 жылдан бастап стипендия тағайындау конкурсына шетелдік жетекші жоғары оқу орын-

дарынан шартсыз шақыруы бар үміткерлер ғана қатыса алады. Жеңілдік тек ауылдан қатысқан жандарға ғана көрсетіледі. Тағы бір маңызды дүние – конкурстық іріктеуге жолдама алған үміткер порталдағы және кабинетте толық аты-жөнімен емес, жеке идентификациялық код арқылы кіреді. Тәуелсіз сарапшылар комиссиясы үміткерді әңгімелесуге шақырғанда оның тек бет-әлпетін көреді, толық аты-жөнін көрмейді. Үміткердің анкетасында, көшенді тестілеудің нәтижелері мен шақыру хатында да толық аты-жөні жазылмайды. Мұның бәрі адам факторларды жоюға бағытталған. Басты мақсат – стипендияға саналы үміткер іріктеу. Сол себепті талаптардың күшейтілуі стипендияның сандық тұрғыдан азайтылатынын білдірмейді, – дейді.

Өткен жылы бағдарламаның өзгертілген талаптарына сай Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 7 профессор-оқытушысы ғылым санаты бойынша «Болашақ» бағдарламасының стипендиясына ие болды. Академиялық мәселелер жөніндегі прокторатор міндетін атқарушы, т.ғ.к., профессор Абайбек Жүнісов АҚШ-тағы Джордж Вашингтон университетінде, тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы Әзілхан Тәкеев Германиядағы Тюбинген университетінде тағылымдамадан өтпек. Ал Физика-химия ғылымдары факультеті кафедрасының жетекшісі Нұрғали Ақылбеков А.Е.Арбузов атындағы органикалық және физикалық химия институтында, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Самалбек Қосанов К.А.Тимирязев атындағы Ресей аграрлық университеті, Экономика және басқару кафедрасының оқытушысы, з.ғ.к., доцент Алмакүл Әбдімомунова М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының оқытушысы Ақерке Жолмаханова М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, аграрлық технологиялар кафедрасының оқытушысы Жанар Жұмаділова Белоруссия мемлекеттік агротехникалық университетінде тағылымдамадан өтіп, тәжірибе алмасады.

Бағыты бөлек, үздіксіз ізденіс жолына түскен жас ғалым Нұрғали Ақылбеков – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының «Ғалым» номинациясы бойынша лауреаты. «Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, химия ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып, жастардың инновациялық жобаларының халықаралық көрмелеріне, бірнеше шетелдік, республикалық және халықаралық конференцияға қатысып жүрген өз саласының көшбасшысы. Оның Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясында өнертабыстық және инновациялық патент түріндегі 73 ғылыми еңбегі жарық көрген. Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған Ақерке Болатқызы 2019 жылы PhD дәрежесін қорғап, мамандығы бойынша философия ғылымының докторы атанды. Қазақ эмигранттарының естеліктері жөніндегі жоғары оқу орнының болашақ филолог мамандарына оқуының маңыздылығын эксперименттік тәжірибе арқылы дәлелдеп, «Қазақ эмигранттық әдебиеті» атты оқу-әдістемелік құралын әзірлеген жас ғалым 20-дан аса отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми зерттеу мақалаларын жариялаған.

Дина БӨКЕБАЙ

жүрегіне жара салды. Тынышын кетірді, түн ұйқысын бөліп, уайымға салды. Тығырықтан шығар жолды Президент өзі көрсетті. Айтылып жатқан қауесеттерге ермей, тарап жатқан ақпараттардың бәрін сене бермеуге шақырамын. Бәрі де уақыт өте өз орнына келеді. Жөргелестерді сабыра шақырамын, – дейді Болатбек Айтбенбетов.

Шынында, бұған дейін әлеуметтік желілерде желдей ескен ақпараттар жүректі

Жуырда Арал ауданынан сүйінші хабар жетті. Қаратөрең ауылындағы №82 орта мектептің оқушысы Назерке Шынтемір республикалық пән олимпиадасында бас жүлдені иемденді. Шалғайдағы ауылдан шығып, мықтылар арасында топ жарған Назерке жайлы жастардың жаңалығын қалыс қалдырмайтын біздің басылым да қаламға арқау етуді жөн көрді.



Мектеп үшін бұл жаңалықтың жөні бөлек болғаны рас. Себебі Назеркенің жеңісі мектеп тарихындағы алғашқы жетістік. Осыған дейін оқушылар пән олимпиадасының облыстық кезеңінде жүлделі қайтса да, әлі күнге дейін республикалық білім бәйгесінде ешкім бікше шыға қоймаған. Жағымды жаңалықты естіген соң Назеркенің ұстазымен хабарласып, білім ордасындағы дайындықтың қалай жүргізілгенін сұрап білдік.

– Олимпиадаға дайындық бір жыл бұрын басталған еді. Бытырған бастап 5 сынып оқушылары жаратылыстану пәні бойынша олимпиадаға қатысты. Ал Назеркенің қай пән болсын қызығушылығы жоғары. Сабаққа үнемі тыңғылықты дайындалып келеді. Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін салмақты оқушы болса да, есте сақтау қабілеті жақсы. Облыстық, республикалық олимпиадаға қатысып шыққаннан кейін

«қандай сұрақтар келді» деп сұрасам, қай тақырыптан қандай тапсырма келгенін тез есіне түсіріп айтып береді. Осы қысқы демалыстан кейін алдағы сыныпқа дайындық ретінде тапсырмалар арқылы теориялық білім беруді жоспарлап отырмын, – дейді ұстазы Гүлнар Мұқанова.

«Бұл – менің ғана емес, мектебіміздің жетістігі» деп қуанған Назеркенің де еңбегі ерекше. Ізденімпаз оқушы алдағы уақытта да білім арқылы

биіктерді бағындырысы келетінін жеткізді. – Маған география пәні қызықты тақырыптарымен жағым болды. Ал олимпиадаға келсем, облыстық байқауға қарағанда республикалық кезең қиын болғанын жасырмаймын. Дегенмен жеңіп шығатынымна сенімді болдым. Себебі бар уақытымды кітап оқуға арнадым. Болашақ мамандығымды да осы пәнмен байланыстырамын. Бастауыш сыныптан бері

үздіктер қатарына қосылып, білім байқауларына қатысып жүрмін. Дегенмен республикалық кезеңнен орын алуым мені ерекше қуантты, – дейді Н.Маратқызы.

Алыстағы ауылда білім алса да, биіктерге ұмтылған Назеркенің жеңісі бізді де сүйсініт. Болашақта Назеркедей көпке ұлы шәкірттер көбейіп, ел мақтанышына айналатынына сенім білдірдік.

Гүлдана ЖҰМАДИН

Мәлдір САБЫРЖАН

ШЫН ДАРЫН АУЫЛДАН ШЫҒАДЫ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Мәліметтерге сүйенсек, өңірдегі азық-түлік қорында тапшылық жоқ. Банкоматтар бойынша «Каспи» мобильді қосымшасында интернетсіз аударым жасалуда, «Halyk Bank»-тің облыстағы 60 банкоматы жұмыс істеп тұр. 34 әлеуметтік дүкен қалыпты жұмыс істеуде. Тұрақтандыру қорының қоймасында 1448 тонна өнім сақтаулы. Алта сайын 120 автокөлік Түркістан қаласынан азық-түлік тауарларын тасымалдауда.

Тіршілікті қайта қалпына келтіру жұмыстары өзге өңірлерде де қарқынды. Оның үстіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты кеңес өткізіп, ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар қосымша тапсырмалар берді.

Президент тапсырмасында мұнай өнімдерінің (бензин, дизель, сұйылтылған газ) бағасына мемлекеттік реттеуді 180 күнге енгізу керектігі айтылған. Осы ретте Қазақстанның барлық өңіріндегі ірі сауда желілері мен супермаркеттерде әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдерін, газ, бензин, дизель отыны, такси қызметтерін мен агрегаторлар қызметтерін қымбаттату деректері бойынша өтініш қабылдайтын «кедел желі» ашылғанын айта кеткен жөн.

Ол тәулік бойы жұмыс істейді. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі ашқан «кедел желіге» Қызылорда облысының тұрғындары 8 (7242) 27 55 59 нөмерімен байланыса алады. Бағаны белгілеу және ұстап тұру, тауар өндіруді не өткізуді негізсіз шектеу, сондай-ақ тауарға жасанды тапшылық жасау бөлігінде үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану деректері ҚР ӘҚБтК-нің 159-бабы бойынша сараланатынын жеткізді. Шығын немесе орта кәсіпкерлік нысандары үшін монополиялық кіріс тәркілене отырып, шығын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған түсімнің 3 пайызы, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 5 пайызы мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғатынын ескертті.

Мемлекет басшысының тапсырмасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы бойынша мемлекеттік реттеуді енгізу мәселесі де қарастырылған. Шешімді нақты аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға қарай өңірлердің өкілдері қабылдайды. Айта кетейік, осыған дейін Алматы қаласында төтенше жағдай уақытын көздеген алыпсатарлар нанды 300-380 теңгеге сатқаны жайлы дерек тіркелген еді. Білік өкілдері аталған қаладағы әлеуметтік нан тапшылығын 3-4 күн ішінде шешуге уәде бергені туралы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының жетекшісі Еркебулан Оразалин өткізген брифингте айтылды.

Сондай-ақ Президент әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңды әзірлеуге кірісуді, халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтары үшін нарықтағы баспананы жалға алу құнын субсидиялау мәселесін қарастырды. Денсаулық сақтау және балалар мәселелерін шешу үшін «Қазақстан халқына» деп аталатын қоғамдық қор құру, оны мемлекеттік және жеке көздер арқылы қаржыландыруды тапсырды.

ТЕРМИНАЛДАР КОЛЖЕТІМДІ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қазақстан Ұлттық Банкінің

БАНК ЖҮЙЕСІ РЕТТЕЛУДЕ

Аймақтағы ахуал тұрақталып келеді. Десе де төтенше жағдайдан кейінгі шығындарды қалпына келтіру, қауіпсіздікті сақтау басты назарда. Жағдайды қалыпқа келтіруге білік өкілдері мен халық жұмыла атсалысуда. Нәтиже жоқ емес.

мәліметінше, ЕДБ-де (екінші деңгейдегі банктер) жалақы, зейнетақы, жәрдемақыларды есептеу және алу, банктік қызметтерді ұсыну секілді негізгі банктік сервистер үздіксіз жұмыс істейді. Қаржы ұйымдарының банкоматтары мен терминалдары қолма-қол ақшамен толық көлемде қамтамасыз етілген.

Интернет желісіндегі ақауға байланысты банктік қосымшалар мен төлем терминалдары жұмысында уақытша үзілістер бар екені ескертілді.

Осы орайда департамент «Әлеуметтік желіде несие кешірілетіні туралы тараған ақпарат жалған екенін ресми түрде мәлімдейміз. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен ҚР Ұлттық Банкі азаматтар мен бұқаралық ақпарат құралдарына тек ресми ақпарат көздеріне сенуге шақырамыз», – деп толықтырды.

Ал «Halyk Bank» бірқатар өңірлерде төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты банктік филиалдары мен банкоматтарының жұмысына шектеу қою мүмкін екенін айтты.

«Сіздерге «Halyk Bank» және оның барлық жүйелері, соның ішінде банкоматтар, «Halyk Homebank» жеке тұлғалары мен «On-linebank» заңды тұлғаларына арналған банктік өтінімдер әдеттегідей жұмыс істеп тұрғанын хабарлаймыз. Бірқатар өңірде төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты банк филиалдары мен банкоматтарының жұмысында шектеу болуы мүмкін», – дейді мамандар.

Бұған қоса «ЦентрКредит банкі» қайтыс болған тәртіп сақшылары мен әскери қызметкерлердің отбасыларына көмек көрсетіні хабарланды.

«ЦентрКредит банкі» қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқандардың отбасыларына 1 миллион теңге көлемінде көмек көрсетуге және бұрыннан бар несиелерін есептен шығаруға дайын. Банк қызметтік операция кезінде қаза тапқан әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің отбасылары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады», – делінген хабарламада.

Бұған дейін банк жағдай тұрақталып, байланыс қалпына келгендіктен барлық клиент үшін сыйақы мен өсімпұлсыз несие төлемдерін ұзарту туралы хабарлаған болатын. «Halyk Bank» те қайтыс болған тәртіп сақшыларының отбасына әрқайсысына 5 миллион теңгеден бөлетін болды.

ШЫҒЫН КӨЛЕМІ ЕСЕПТЕЛУДЕ

«Атамекен» ҰҚП баспасөз қызметінің дерегіне сүйенсек, жаппай тәртіпсіздіктер кезінде бизнеске келтірілген шығын көлемі 93,7 млрд теңгеден асқан.

Оған қатысты байланыс орталығына 2774 қоңырау түскен. Соның ішінде мародерлік мәселелері бойынша – 1406, форс-мажор – 39, блок-бекеттер – 2, зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдау қоры бойын-

ша – 3, жеке тұлғалардан түскен қоңыраулар саны – 1324. Сондай-ақ, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тараптан мәліметке сай, елдің 9 өңірінде 1488 нысанда орналасқан 1319 зардап шеккен бизнес субъекті анықталды. Соның ішінде Алматы қаласында – 1399 объектіде орналасқан 1234 субъект бар. Зардап шеккен бизнес салалары да аз емес (сауда – 1245; қоғамдық тамақтану – 25; қаржы секторы – 37; логистика – 9; БАҚ – 2). Шығынның жалпы сомасы алдын ала есепке сәйкес 93,7 млрд теңгеден асқан.

Деректер бойынша тонаушылар 100-ден астам ірі сауда нысаны мен банкті тонап кеткен. Алдын ала келтірілген шығын 87 миллиард теңгеден асады. Құзырлы органдардың беделіне нұқсан келтіру мақсатында қылмыс-керлер полиция

қызметкерлерінің, әскери қызметкер-

лердің киімін киіп, заңсыз әрекеттерге барған.

Сауда желілері одағы Алматыдағы тәртіпсіздіктер кезіндегі ретейлердің шығындарына қатысты алдын ала мәліметтерді ұсынды. «Ретейлердің нақты шығынды бағамдау әзірше қиын. Есептеу, нақтылау қажет» деді одақ мүшесі Дмитрий Шишкин.

Оның дерегіне, сауда желілерінің шығындарына қатысты алдын ала мәліметтер мынадай: «Magnum, MagnumCash&Carry» ЖШС – жалпы 23 дүкен бүлінді. Оның ішінде 12 дүкен тоналып, 13-і зақымданды. Алдын ала жалпы шығын шамамен 8,5 млрд теңгені құрайды.

«Технодом», «TechnodomOperator» ЖШС – Алматымен Талдықорғанда 14 дүкен зардап шекті. Шығын – 5,5 млрд теңге. «Sulpak», «Arena S» ЖШС – Алматыда 11 дүкен тоналды. Шығын – 5,14 млрд теңге. «Gulser Computers, Alser» ЖШС – Алматыдағы 7 дүкен 1 млрд теңге зардап шекті. «Спортмастер Қазақстан» ЖШС, «Остин» ЖШС – Орал, Алматы және Шымкентте 20-25 дүкен бүлінді. Келтірілген шығын 3 млрд теңгеге бағаланып отыр. «Mon Amie» –

Алматыда 8 дүкеніне шабуыл жасалды. Шығын

есептеліп жатыр. «Интер-топ», «Эврика» шығыны 50 млн теңге шамасында.

«Алсер» – шығын 1,5 млрд теңге. «K&K GmbH, Kimex/Gracie»

ЖШС-ның Алматыдағы 11 дүкені бүлінді, шығын – 1 млрд теңге.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ӨСТІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі Қазақстанда 1 қаңтардан бастап жасына байланысты зейнетақы мөлшері 7%-ға, базалық

зейнетақы мен мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 5%-ға өскенін айтады.

«2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 7%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға ілгерілеп арттырылды. Бұл ретте жасы бойынша ең төменгі зейнетақы мөлшері 7%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға ілгерілеп арттырылды. 1 қаңтардан бастап оның ең төменгі мөлшері 19 450 теңгені құрайды. Нәтижесінде базалық зейнетақы төлемін ескере отырып, ең төменгі зейнетақы мөлшері 1 қаңтардан бастап 65 752 теңгені құрайды. Бұл өсім 2,2 млн зейнеткерге қатысты.

Бұдан басқа ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының өзгеруіне байланысты жәрдемақылардың мынадай түрлері 5%-ға арттырылды: мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы, 1 топтағы мүгедекке күтім жасайтын отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы, айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің ұлғаюына байланысты 1 қаңтардан бастап келесі жәрдемақылардың мөлшері 5%-ға артты.

Сонымен қатар оның қатарында №1 және №2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы, бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдем арнайы мемлекеттік жәрдемақы, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған және «Ана даңқы» орденімен марапатталған көпбалалы аналарға арнайы мемлекеттік жәрдемақылар, бірге тұратын төрт және одан да көп көмелетке толмаған балалары, оның ішінде көмелеттік жасақ толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы бар.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға және жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына тағайындалған, бірақ төленбеген біржолғы ақшалай өтемақылар, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңға сәйкес МӘСҚ-дан еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері де 5 пайызға арттырылды деген дерек бар.

**Бетті дайындаған:
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА**

– Майлансын, – дедім балықшылардың дәстүрлі тілегіне салып.

– Айтқаның келсін, – деді қайықтан түскен орта бойлы, жасы отыздан асқан балықшы жігіт. Сөйтіп-дағы да қолындағы резеңке қолғапты иешіп амандас берді. Жаңындағы серігі де жалпылдап жатыр. Бейтаныс адамның бері бұрылғаны оған сәл күдік туғызса керек. Ұрпана қарап, қайықты жағадағы қазыққа арқадай жатты. Ал бізбен бірінші амандаққан жігіттен бұрыннан танысты.

– Шаруа қалай? – дедім одан амандық сұраудың ретімен.
– Шүкір, көштен қалмай келеміз. Өзің? Жұмыстамысың? Ел аралап жүрсің-ау.
– Иә, Аралаға іссапармен келгенмін. Ау салып келесіңдер ме?

Бұйырғаны болар деп. Биыл бір километрге дейін ау дайындап едім. Соны тәгіп келеміз. Қасыма мына жігітті серік қылғанмын. Үйінде жұмыссыз, бос жатыр. Қарап отырып, пұл тапсын дегенім ғой.

Айтпақшы, теңіз жағасындағы жұрт «ау салды» дегеннен гөрі көбіне «ауды пәлен жерге дейін текті» деп сөйлейтіні бар. Бұл да – Аралаға құр сағадары елдің тілдік ерекшелігі.

– Сонша ауды төккеніңе қарағанда балықтың басына бақ қонпай тұр екен-ау, – дедім мен де ішкі танданысымды жасыра алмай.

– Ойбайа, айтап, – деді ол да даусын соза. – Ит жемейтін тортадан дейін қадірлі болып тұр. Келісін 150 теңгеден алып жатыр.

– Қойсаншы, – дедім мен сенбістік танытып. Бірақ оның бет-жүзінен өтірік айтты тұрғаны білінбеді.

– Сенімен бұрыннан қалжыным жоқ. Не деп өтірік айттым? Торта мен тыранның бағасы сондай. Тура осы теңіз басынан, жағада тұрып-ақ қабылдап алады. Тісті екі бастан. Келісі 600 теңгеден кемі-кем.

– Сазан ше?
– Сазанды сатып жын көрініп пе? – деп ақтарыла күлді ол.
– Тұздап, қақтап қыстай балашағаммен көртін жемеймін бе?! Онсыз да оның бағасы сирә етпеген бірдей.

Айтқаны рас еді. Менің ойыма базардағы сазан бағасы келген. Келісіне 1500-1800 теңге шіміркілеп сұрайтын саудагер әйелдердің кейлі де көз алдыма. Балықтың байлық екеніне олар да әбден қаныққан сияқты. Айтары жоқ. Теңіз несібесі көп жұртқа нәлақа болып тұр екен-ау. Осы ойың жетпейміз күн сәулесіне шағылсқан су бетіне сүйсіне қарай бергенбіз.

БЕКІРЕНІң БЕЛ КЕСПЕСІН ЖЕМЕГЕН...

Біз білетін деректерде Кеңес одағының өзінде жекелеген жеті теңіз болған. Арал соның біріне жатады. Бұны ғылымда теңіз деп те, көл деп те атап жүр. Аралдың бұрын кемерінен асып, шалқыған тұсын еске алар болсақ, дүние жүзіндегі ең ірі көлдердің ішіндегі үшінші орын (кейде төртінші дейді) алады. Ұзындығы 475, ені 280 шақырымға дейін барған. Бұл өлшемге Голландия мен Бельгияның жер көлемін қосса есептесек де жетпейді. Аралдың ең терең жері 65,5, ал орташа тереңдігі 16,5 метр болған.

Ғалымдар көп теңіздің лай, ластану екенін тағы айтады. Бірақ Арал теңізі өте таза ер тұнық. Оны әдемілігімен тек Әгей теңізі ғана таласа алады-мыс. Мысалы, теңіздің батыс жағының мөлдірлігі 27 метрге дейін жететін болған. Суға тасты тастап жіберсеңіз, осы тереңдікте әлгі тастағаныңыз көрініп тұрады екен.

Қазіргі Кіші Аралдың да тазалық жағынан кенде емесін білеміз. Ал балығы ше?! Теңіз балықтан кенде

Ержан ҚОЖАС

ҚАРА ҚАЙЫҚТЫ ҚАЙЫТҚА ЕСКЕН...

Теңіз беті күн сәулесімен жылтырайды. Төп-төгіс. Әдетте, желсіз тымықта осылай болары анық. Тек тыныштықты көз ұшында көрінген моторлы қайық даусы ғана бұзады. Көкте ұшқан ұшақтың ізінде су үстіне өрнек салып жүр. Бізгі көп, сырылдаған дауыспен жағаға жақындай берген. Қайық үстіндегі балықшының бірі моторды кілт өшірді. Сонда да су бетіндегі оның жылдамдығы 20-25 метрге дейін жүзуге жетті. Сол қарқынмен тұмсығын тірей жағаға асылып барып тоқтаған еді.

болмаған. Мысалы, салыстырмалы түрде қарасақ, бір гектар суды алалық. Бұл өлшеммен балықтың шығуы Жерорта теңізінде 0,5, Қара теңізде 2, Балқашта 9, Солтүстік Каспийде 30 келден көлетін болса, Арал теңізінде 10 келден келген. Тіпті, ертеректе тыран аулау жөнінде Арал теңізі үшінші орын алыпты.

Тыран демекші, басқаға қарағанда Аралдың балығы дәмді де жұмыс екенін жұрт әлі айтады. Кезінде осындағы балық комбинаты сыртқы экспортқа арбалықтың тәсі мен қазды, шөмейікпен, т.б. шығарғанын айтсақ та жеткілікті. Теңіздің иктиофаунасы 20 түрден 34 түрге (жерсіздірілгендері бар) дейін жеткен. Уақыт өте келе кейбір балықтар жойылып, кейбірі өлеуір азайған. Мұнда көбіне тұқы тұқымдас балықтар басым. Ең жаманы Аралдың бекіресі таза жойылды десек те болады.

Айтпақшы, мақаламыздың осы бөлімінің тақырыбындағы сөздің ау бастағы шығу төркініне оралсақ, Сырдарияның төменгі бөлігінде отырған ел Қыр және Сыр Шектісі деп бөлінеді. Бұл аңызды жергілікті жұрт қысқаша былай тарқатады.

Теңіз маңайында қоныстанған, үй-іші балық аулаумен күнелтетін Сыр Шектісінің бір қызы Қырды қайлайтын осы елдің бір аталығына келін болып түссе керек. Жас келінге баяғы қыз күніндегі жағдай қайда? Мұндағы Шектілер теңізден тысқары өмір сүрген, балық етін менсінбейді. Мал мен қымзыдан басқасына мойын бұрмайтын елдің жайы – тек көшіп-қону. Ал Қырға жаңадан түскен жас келін күнделікті ағарған мен қой етіне көндіге алмайды. Сонда: «Бекіренің бел кеспесін жемеген сорпы басым, қойдың қуықалы етіне тап болдым-ау» депті ғой. Бала күннен таңдайына сіңген балық етінің құдіреті еді бұл. Балықшы елдің қызы айтқан осы сөз сол төңірекке мәтелдей болып тарап кеткелі қашан...

Рас. Бекіренің еті өте бағалы. Оның тәттілігі мен пайдасы жағынан төңіретін балық аз. «Қызыл кітапқа» енген оның уылдырығы алтыннан кем бағаланабыдай десек, артық айтпаспыз. Жоғарыда айтқандай, теңізде 25 түрлі балық бар дедік ғой. Көшіністі, бекіре тұқымы Аралда түгесілді. Жоқ! Шындағы осы.

ЕЛАМАН СҮЙЕКТЕН ТУҒАН ХИКАЯ

Бұл әңсана да журналистік жортуылда жүріп естігеніміз. Теңізге қарай сапарлатқан көз болатын. Мұндайда шеткі аудан – Аралда екі-үш күндел жүруге тура келеді.

Қаратерен – Арал ауданына қарасты елді мекен. Теңізге құя дарианың тұра сағасында отыр. Тіпшілік тіршілікпен жүрген бізге көкші ас осында бұйырғаны бар. Ілгеріден таныс Ерболат құрдастың

ауыл өкімінің қызметтік келігін тізіндегілі біраз болған. Одан бөлек, әкесі Бақтыгерейден көрген балықшылық өнері де бар. Бала күннен сіңген әдет оны сенбі-жесенбіде үйде жатқызбайды. Енді міне, «қонақ» деді қарақазанға балық құтырып, екі көштің ортасында күтіп жатыр.

– Теңіздің тыраны майлы. Сонсына қарамай қылтығы көп. Маида тіккенің абайларсың. – дедім қырғалған балық дастарқанға келгенбіз. Бұны әріптесім, фототіпші Нұрболатақ айтқанымын.

– Бүгін жер жүрген жоқпыз ғой. Осылай деді де, семіз шабақтың басын омырған күйі алдына қарай алды.

– «Еламан» сүйекті байқа. – Ол не еді?
– Расымен, ол не еді? Қандай сүйек? Ойыма балықшы ауылдан естіген әңгіме келе берген...

Өңіменің әлқиссасы балықтан басталды емес пе? Балықта «еламан» деген сүйек бар. Сағалдырғы тұсында болады. Ортасы жалпақ, екі жағы үшкір, ұзындығы екі-үш елдей, жалпы балық көлеміне қарай өлшене береді. Сіз тіккен бар деп тықырымын жемейтін балықтың басқа сүйегі тампаққа кесе, не әрі, не бері, әйтеуір, шығарып алмаңыз. Ал, мына еламан сүйек кетті дегенше... Еліңе сәлем айта бері! Беті аулақ, бірақ бұл бөле өңешіңізге байқамай кетсе, жұтыңған салын тампақа қадала беретін көрінеді. Түзі ажалға әкелетін осы сүйекке бола халық арасында балықтан тағам істесе, қонаққа шақырмайтыны сондықтан.

Бұл – өткен дәуірдің әңгімесі. Тыңдаңыз. Теңізге жақын орналасқан балықшы ауылға қызы айттырып, алыстан құдалар келіпті дейді. Келген қонақтар, тансық ас – балық дайындалған көрінеді. Дәмді балыққа құдалар сүйсіне қол созып, ет жегенде әсерге бастайды ғой баяғы. Сол кезде әлі қызға келген қуыеудің тамағына балықтың сүйегі байқаусызға кетіп қалыпты. Ол байқауға қалып-шашалып қинала бастаған. Мұны көрген ел өзгеріге түсіп, ұлап-шұлап, істемеген амалы қалмады. Сол кезде ұзатылғылы отырған балықшының қызы, қалыңдық келіп, қуыеудің алдындағы жеген балығының сүйегін аударыстырса керек. Сөйтсе, елгі еламан сүйек жоқ. Бағы ашылмаған қыз сол жерде сылқ етіп отыра кетті.

Қадалған жырын шықпайтын сүйектің жайын білетін балықшы ауылдың қызы болашақ қуыеуден күдер үзіп, «Еламан» сүйекке тіпті, еліне сәлем айта бер» деп көз жасын төгі берген көрінеді. Міне, бірауыз сөздің тарихы осы.

Айтпақшы, үлкендерден мынадай бір естіген дерегім бар. Ілгері уақытта бір ағамыздың тамағына осы сүйек кетсе керек. Аласұрып жатқан кісіге көпті көрген бір ақсақал ауыл ішінен бауырын жаңа көтерген иттің күшігін алдырыпты. Сөйтіп, тез арада әкелген күшіктің тұмсығын әлі қақпаған

кісінің аузына әлсін-әлсін тығып алатын көрінеді. Сәлден соң сол ағам қанаралас сүйекті жерге түкіре салыпты. Солай жаңы қалған. Сонда қалай дейсіз бе?! Бабаң «жеті қазынаның» біріне қосатын ит шіркіннің демі мен сілекейінде сүйекті ерітіп жіберетін әлденесі барға ұқсайды. Ғажап, ә?! Бала күнінде естігенім ғой.

Ел аман болсыншы!

БАЛЫҚТЫ БАПТАЙ БІЛСЕН...

Сол сапарда Арал қаласындағы «Арал» СДО балық өңдеу зауытында болғанбыз. Өмірінің тең жартысын осы кәсіпке арнаған Әділбек Әйімбетовтің өзі қарсы алды бізді. Зауыт бұрынғы қираған балық комбинатының орнына салынған. Демек, ілгеріде болған өндірістің ізі жоғалмаған деп түсіндік бұны. Кәсіпорын жылына 4500 тонна балық өңдеуге қауқарлы. 50-ден астам жұмысшысы бар серіктестік балық аулау, сақтау, өңдеу, сату жұмыстарымен айналысады. Ресейге тұздалған жүр кептірілген майда шабақ жібереді. Ал Польшаға тістіден филе дайындап, экспортқа шығарып отыр.

Тісті демекші, оны теңіздегілер «қалтын балық» дейді. Қабыршағының өзі қатты, аты айтып тұрғандай, бір жерінен тістесе айырылмайтын, қатығездәу, жыртқыш балық. Жергілікті тұрғындар ас ретінде пайдаланбайтын осы балықтың бағасынан ат үркіді. Келісі 1000 теңгеге дейін барды бір жылдары. Сырт елдерге тасылды. Әйткені, шетелдіктер осыны сүйсіне жейтін көрінеді. Сұранысқа қарай, бағасы да қымбат. Теңіздегілерден тікелей саудаласаныз, келісіне 500-600 теңге сұрайды. «Алтын балық» атануы да сондықтан.

– Осы тістінің басына бақ қонғалы біраз жыл болды. – Әзіміз неге жемейміз осыны? Еуропаға артқалы көп болды ғой.

– Оның рас, – деді Әділбек аға. – Қазақ майлы әрі семіз балықты жақсы көреді. Сорпасын ұрттап, сазанды асып не қуырып жегенді кім жек көрсін? «Ал мынада не құнар бар?» деген ой бәрімізде де бар. Бірақ түрлі дәруменге бай балық осы – тісті. Орысша судак деп жатады. Еуропада мұны мейрамханада құнарлы тағам ретінде ұсынады. Көрдіңізбе?! Жалпы ресейліктер бір жылда 14 келі балық тұтынады. Орта ша есеппен айттып отырымыз. Ал өзіміз жылына 4 келі жеміз бе, жемейміз бе? Балық – дәруменді, жеңіл тағам. Буын мен көздің жақсы көруі осы балық етіне байланысты. Жас та, жасамсыз та жей беру керек.

Әділбек ағаның айтуынша, зауыт бұрынғы «Аралықпробирны» ізімен 2009 жылы құрылған. 2010 жылы алғашқы өнімі шығып, он жылда өнім көлемі 17 есеге артты. Теңіздегі 5 ұястатқ, қосымша көлдерден

балық ауланып, дайындалған өнімді шетелдерге шығарып отыр. 2012 жылдан бері «Еурокод» белгісін алып, көрші мемлекеттерге жіберуде.

Біз көзбен көрген аралдық зауыт өз мүмкіндігін кеңейтуде қоянықты қарқы алып, біршама жұмыстар атқарған. Мысалы, Бөген ауылында серіктестікке қарасты мұздату цехы және жатақхана іске қосылған. Әділбек Әйімбетовтің айтуынша, енді Қарашалаң ауылына жақын «Домалақ» көлінен тауарлы балық аулау шаруашылығын құрып, Қамбаш жағасынан туристік орталық тұрғызылмақ. Сондай-ақ, «Арал» СДО ЖШС қалдықсыз өнім шығаруға бет бұрған. Тазаланған балықтың қабыршағы мен ішкі құрылысы далада қалмайды. Олар әбден мұздатқышта қатырылып, Шымкенттегі жем дайындайтын арнайы кәсіпорына жіберіледі. Балық сүйегінен дайындалған жем мал шаруашылығына өте қажет екені белгілі. Балықты баптап білсен, ұтарып көп.

САРАТС СЕРПІНІ


Иә, Аралаға құр сағадары елдің балық шаруашылығымен айналысқаны бүгін емес. Өткен газында патша отаршылдары Рахым мен Қазалы бекінісін түсіріп, бірте-бірте орыс көпестері осында келіп орнықан. Теңіз бен дарияда су емес, балық ағып жатқан заман. Иен балықтың иісін сезген өзге ұлт өкілдері бері қарай уадеге тартқан кез еді бұл.

Кеңестік билік алғаш орнаған жылдары теңіздің жұрттың тұтында жатқан басқаларға көмегін қайда қоясыз? Он төрт вагон балықтың хикаясын ел біледі. Оған да 100 жылдан асты. 1921 жылы Еділ бойындағы ел аштан қырылғанда Лениннің хаты тек мұрыңдық болған шығар. Шын мәнісінде жұт дейтін нәубет басталғанда біздікілердің қарап отырмайтыны белгілі еді. Поголовье мен Ресейдің орталық аудандарында құрғақшылық жайлап, еңін атаулы күйіп кеткенде, еді бірде тек, бірде аш отырған жұрт өзгенің халын шын түсіген. Өрі «өле жегенше бөле жеуді» бұрыннан білетін біздің ұлт қайырып істе бірінші жүретін еді ғой. Ақиқаты – осы.

Тарихи деректер 80-жылдары балық шаруашылығы бойынша Сыр өңірі республикада алдыңғы қатарда болғанын айтады. Жылына 55-60 мың тоннаға дейін балық ауланған. Кейін теңіз таратылды. Балық аулау божырай бастады. Тіпті, балық аулап, оны өңдейтін кәсіпорындар мен шаруашылықтар жабылды. Балықшылар басқа өңірлерге көшіп кетті.

Теңіз суының тұздылығы 30 мг/л дейін өсіп, балықшылық көсімі мүлдем тоқтайтын деңгейге жеткенін ешкім ұмытқан жоқ. Бір ғана мысал, 2000 жылы Солтүстік Арал теңізінен бар-жоғы 400 тонна балық ауланыпты. Онда да бір ғана түрі – камбалға балығы еді.

Айтпақшы, «САРАТС-2» жобасы басталса, бұндағы бөгеттің біліктілігі бірнеше метрге қайта көтерілмек. Сол кезде су деңгейі бұдан да жоғарылап, Кіші теңіз Арал қаласының қасына баратын көрінеді. Осындай соң балықшы жұрттың жағдайы тіпті жақсарары деген сенімнің нығая түсері анық. Ал бірінші жоба бойынша салынған бөгеттің біліктілігі шамамен 3 метрден жоғары, ал ұзындығы 13 шақырымнан асады. Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асып, газыр құрылысы атанған «САРАТС-1» жобасынан кейін мұнда тіршілік жаңаданғы рас. Балық қоры молаيып, кейбір азиядан түрлері қайта көбейген. Теңізден бұрын жоғалған 14 түрлі балық қайта көрінді. Соның арқасында байып кетпесе де, жұрт біршама тұрмысын түзеп қалды.





Жаңаөзеннен
басталған оқиғаның
мұндай күрделі
кейіпке өнерін
ешкім күткен жоқ.
Анығы, жиылған
жұрт сүйытылған газ
бағасына қатысты
наразылығын
білдіріп, билікпен
ымыраға келуге
тырысқан.

Көп өтпей, батыстағы экономикалық-әлеуметтік наразылықты қолдаған халық өзге де өңірлерде бас көтеріп, елмен бірге екенін жеткізді. Алайда аз уақыттың ішінде республика көлеміне тараған шеру өзге сипат алып, митингке шыққан топ жөнді-жөнісз талап қоя бастады. Тіпті, қарапайым халық арасына кірген теріс пиғылды топтар өңірдегі қымбатшылықты өз пайдасына асырып, ел арасына ірікті салумен болды. Алдымен жүгенсіз кеткен лаңкестік топ әлеуметтік желіде жақтас тарту, шеруге шақыру мақсатында бейнеүндеу жасаса, соңы мемлекеттік маңызды нысандарға басып кіріп, тәртіп сақшыларын соққыға жыққан қантөгіске ұласқан еді. Нәтижесі бағамдауға ауыр. Қаншама азамат ажал күшіп, қаншама отбасы қара жамылды...

Бүгінге дейін Қазақстан бойынша тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен 2 265 адам медициналық көмекке жүгінген. Ең көбі Алматы қаласында – 1 100 адам. Алматы облысында 300-ге жуық, Жамбыл және Қызылорда облысында шамамен

200-ден аса адам зардап шеккен. Қазіргі таңда 719 науқас ауруханада жатыр. Оқыс оқиғадан ересек-көрсетілді. Алайда шерушілердің кедергі келтіруі салдарынан медициналық көмекті дер кезінде ала алмай, жан тапсырғандар қаншама. Соңғы мәліметке сүйенсек, аймақта жалпы тәртіпсіздік кезінде 201 адам медициналық көмекке жүгінген. Олардың ішінде 50-ден астам азамат ауруханада жатыр.

бойынша шеру күшейген 5 қаңтар күні 168 адам қалалық ауруханаға түсіп, 70 адам ем алса, 6 қаңтар күні 14 азамат медицина қызметкерлерінің көмегіне жүгінген. Ең ауыры, олардың қатарында қаза болған азаматтар бар. Бүгінде шеру кезінде жарақат алған 20 адам дүние салса, 26 адам жансақтау бөлімінде жатқаны

күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Жалпы жағдайдың күрделенуі мен науқастар санының артуы басбұзарлардың жедел жардем көлігіне кедергі жасауынан туындаса керек. Алматы қаласының өзінде содырлар медицина қызметкерлеріне зақым келтіргенін білеміз. Алматы

мекемелердің жұмысына тоқсатыл қойып, ауруханаларға жедел жардем көлігімен жеткізілген науқастарды, сондай-ақ дәрігерлер мен медициналық персоналды өткізбеді», – деген еді. Сол себепті науқастар санының артуына қақтығыс ғана емес, медициналық көмектің кеш көрсетілуі де түрткі болса керекті.

Тән жарасы жазылар...

Бұзақылармен болған қақтығыста құқық қорғау органдарының мамандары да көп зардап шекті. Қарулы топқа қарсы тұрып, еліне қорған болған азаматтардың ерлігін ел көрді. Жағдайдың бұлай құбыларын аңдамаған сала мамандары сын сағатта қандай сынаққа болсын дайын екендігін аңғартып үлгерді. Тіпті сол оқиғада 20-дан астам полиция қызметкері жарақат алып, жағдай ушыққанымен, олардың басым бөлігі жеке құрам сапына қайта оралды. Мұндай ерлік тыныштық пен ынтымақтың тұрақталуына деген ел сенімін үстегені анық.

Жалпы аймақтағы жағдай біршама оңалғанмен, оқиғаның салдары адам айтқысыз кейіпте. Мәселен, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың дерегі

белгілі болып отыр. Бұл 7 қаңтардағы дерек ғана. Қазір зардап шеккендерге көмек беру үшін барлық аурухана мен жедел жардем станциясы штаттық,

қаласы комендатурасы ақпараттық орталығы аталған оқиға туралы мынадай дерек берген:

«Террористер қаланың бейбіт тұрғындарының денсаулығы мен өміріне тағы да қауіп төндіріп тұр. Олар медициналық

Дегенмен елімізде ахуал тұрақталып келеді. Жер-жерде әлеуметтік-саяси нысандарды қалпына келтіру, инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған шаралар жүзеге асуда. Сыр жастары да орын алған жағдайға байланысты «Донор бол!» науқанына атсалысуда. Лаңкестік әрекеттен зардап шеккен жаңдарға көмектесу мақсатында ұйымдастырылған акцияға қатысуға ниет білдіруші еріктілердің қарасы мол. Осы тұста Сыр елінің белсенді жастары облыстық қан орталығына барып, донор болуда. Нәтижесінде қан тапсырушылар 2-3 есеге артып, тиісінше медицина ұйымдары уақытлы қан компоненттерімен қамтамасыз етілуде. Айта кетейік, бүгінде орталықта 87 маман қызмет атқарады. Олар екі кезең бойынша қанның құрамын толық тексереді.



Р.С.Тыныштыққа талпыну ынтымаққа ұйысудан туатыны аян. Бейбіт күннің қадірін білу, ел болашағын жарықпен етуге ұмтылу да осы қағидадың шеңберінде ғана жүзеге аспай. Ел басына түскен қайғылы оқиға осы ұстанымды шайқалтпай, шаттық пен берекені келтірмей, өмір сүруге күш салу қажетін ұқтырған секілді. Елі үшін жан қып, халықтың тыныштығы үшін жарақатқа теген азаматтардың бар тілегі де, тілеуі де – бейбітшілік. Ұлтымыздың қадірін білген жұрт қана қайта оқ атылмауын, қаны бірдің қан-қасат майдадан жолықтауын мақсат тұтады. Біз де осы жолда жұмылсақ, алдан жарқын болашақ күтеріне күман жоқ.

Берен ШАҒЫРОВ

Аман ТҰРСЫНОВ,
облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары:

Есірткіден арылу ерік-жігерге байланысты

Аман Бөкенбайұлы – 20 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман. Бірнеше рет облыстық денсаулық сақтау басқармасының алғыс хаттарымен марапатталған. Өз ісінің маманымен сәрсенбінің сөтінде сұхбаттасудың сәті түскен еді.



– Тәуелді адамды бірден-бір емдейтін маман кім?

– Бұл жерде әр дәрігердің өзінің атқаратын міндеті болады. Дегенмен психологтардың көнесі көп көмегін тигізіп жатады. Науқас қиналған кезде өзін қолдайтын жанды қадір тұтады. Бұл жерде де солай. Қаржылы емес, моральдық тұрғыдан көмек қолын созған адам қашанда ыстық. Тағы бір ескеретін жайт. Адам сау болуы үшін психологиялық, физикалық, әлеуметтік жағдайы дұрыс болуы шарт. Ал нашарқорда психологиялық проблемалар болады, яғни оның жаны жаралы. Ол есірткіні мәселесін ұмыту үшін тұтынады. Бұл денсаулыққа зиян. Есірткіге тәуелді кез келген адам өзінің ауру екенін мойындамайды. Жоққа шығарады. Мотивация беру қиын. Оларды карьера,

білім алу, спортпен шұғылдану қызықтырмайды. Өмірге деген құлшынысын ояту оңай емес.

– Курсадан шығудың жолы қандай?

– Есірткіден арылудың бірден-бір жолы – адамның өзіне деген сенімі. Күш-жігері, шешіміне, ниетіне байланысты. Егер науқас шынымен де есірткіден бас тартып, жаңа өмір бастаймын деген сенімі болса, онда ол мамандардың көмегі арқылы дерттен айыға алады. Бұл біздің практикада бар. Көп жыл есірткіге тәуелді болып, кейін дертінен айығып, кәсібін бастап, отбасын құрып, жаңа өмір бастағандар бар. Өкінішке қарай емдеу мекемесінен шыққаннан кейін бұрынғы әдетіне қайтадан әуестенетін науқастар болғаны жасырын емес. Тағы да айтайын, бұл ретте ең бірінші адамның күш-жігері үлкен рөл атқарады. Егер ол әлсіз болса, есірткіден бас тартып, емделіп кету екіталай.

– Орталықтың материалдық-техникалық базасына тоқтасаңыз. Қандай жаңа технологиялар келуде?

– Ұдайы жаңартылып отырады. Негізінен есірткіге тәуелді азаматтар психикалық көмекті қажет етеді. Өйткені медициналық, яғни дәрі-

дермектердің көмегінен кейін ағзаны тазартқаннан кейін есірткіге тәуелді азаматтармен көп жағдайда психотерапевтер, психологтар, психиатрлар жұмыс істейді. Олар – есірткіден бас тартуына көмектесін бірден-бір мамандар. Негізінен есірткіден екі түрде емделеді. Біріншісі, медикаментті ем – оның ұзақтығы 3-4 ай. Одан кейін психиатр, психолог, психотерапевт мамандары жұмыс істейді. Өсірсе психологқа үлкен жауапкершілік жүктеледі. Өйткені олар семиннар, арнайы тест, басқаша әдіс-тәсілдер арқылы науқастың санасына өзгеріс етуге тырысады. Орталық негізі екі бөлімше бойынша жұмыс істейді. Бірінші – наркологиялық стационар, келесісі – жүйке ауруына шалдыққан науқастарға арналған стационар. Наркологияға келер болсақ, ол жақта жеті бөлім бар.

– Оңай сала емес екені белгілі. Жұмыс барысында қандай қиындықтар кездеседі?

– Аты айтып тұрғандай, тәуелді жандармен күрес қиын. Олардың санасымен араласу, ойын оқу, көмекке келу оңайға соқпаса анық. Жұмыс барысында науқастардың мінез-құлқы қиындық туғырады. Өйткені олар көбіне ата-анасының, жақындарының мажбүрлеуімен, талап етіуімен келіп жатады.

– Есепте тұрған науқастарға тегін дәрі-дәрмек беріле ме?

– Қазір метадоновая терапия әдісін қолданып жатырмыз. Ол – мемлекеттен берілетін препарат. Адам ағзасына еш зияны жоқ. Ұзақ уақыттан бері есірткіге тәуелді болған азаматтарға тегін беріледі. Бөлімде арнайы мамандар жұмыс істейді. Дәрілер арнайы есеппен алынады, сондай-ақ қатаң бақылауда. Қазір бұл емді қабылдайтын есепте тұрған 10-ға жуық науқас бар. Бір айта кетерлігі, емдеу мекемесіндегі науқастардың барлығы тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген.

– Қазір қандай маңызды шаралар атқарылууда?

– Нашакорлық – отбасы үшін үлкен қасірет. Оны көріп жүрміз. Отбасында бір адам есірткіге тәуелді болатын болса, ол бүкіл отбасы мүшелеріне әсер етеді. Бізге емделуге науқастар келіп жатады. Оның артынан анасы, әйелі, балалары келіп, пациенттің жағдайына алаңдатушылық танытады. Күйзелісте жүреді. Коронавирус пандемиясының алдында психолог мамандар науқастардан бөлек сол науқастардың отбасы мүшелерімен жұмыс істейтін. Өйткені олардың өзіне психологиялық көмек қажет. Олардың өзі есірткіге тәуелді жақынынан әбден қажыған кісілер, психологиялық көмекке мұқтаж. Пандемия

аяқталғаннан кейін де осы жұмысты қолға алу жоспарда бар.

– Синтетикалық есірткінің зияны туралы айтсаңыз. Оған әуестенудің соңы неге әкел соғады?

– Синтетикалық есірткінің адам денсаулығына, психикасына кері әсері зор. Оны да емдеу қиы. Бұл кейінгі жылдары пайда болды, яғни 90 жылдардан бері қарай кең етек алды. Синтетикалық есірткілердің ішіндегі ең қауіптісі – каннабиноидтар, яғни спайс, басқаша айтқанда, «түздар». Ол тәуелді етеді. Аталған есірткінің қауіптілігі адам ағзасын тез бұзып, оған бейімдейді. Спайс деп аталатын темекі қоспасының құрамына бірнеше шөптер, оның ішінде психобелсенді әсер беретін шөптер енеді. Өсіресе, шалфей, көк лотос, гавайлық раушан гүлі. Кейіннен зерттеулер жүргізгенде ұнатқа қарасорада бар синтетикалық заттектер, каннабиноидтердің бұқаратын табылған. Сондықтан адам өз-өзін жаттай күтіп, мұндай зиянды заттарға әуестенбегені абзал. Өсіресе, психологиясы енді ғана қапыптасып келе жатқан жастарды бұдан аулақ ұстауымыз қажет. Салауатты өмір салты – дені сау ұлттың, бақытты болашақтың кепілі.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Мөлдір САБЫРЖАН



ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Олимпиадағы іріктеу жарыстары қаңтар айының екінші онкүндігінің соңына қарай мәреге жетеді. Одан кейін Бейжіңде олимпиада басталады. Сарапшылар дүбірлі дода қарсаңында қазақстандықтар көрсетіп жүрген нәтижені саралап шыққан өкен. Сіздің де назарыңызға ұсынамыз.

үздік ондыққа енуі бұл спортшының әлеуеті зор екенін байқатады. Ерлер арасында ресейлік Максим

Дрезденде (Германия) өткен әлем кубогы

кезінде

қазақстандық шаңғышылардың бірде-біреуі үздік 50 спортшысы қатарына ене алған жоқ.

Виталий Гухало, Олегас Климин, Евгений Величко, Наиль Башмаков, Иван Люфт сияқты спортшылар олимпиадаға

жолдама алған күннің өзінде қара көбейтушілер қатарында қалса, еш таңдана қоймаймыз. Олар жақын-жуықта Йоханнес Клебо, Симен Крюгер, Александр Большунов, Иво Нисканен сияқты серкелерге бәсекелес бола алмайды. Өкілдер арасында Ксения Шалигина, Надежда Степаншина, Валерия Топленева, Ангелина Шурга катысады. Қонысмен жүріп бойынша қазірге дейін әлем кубогының сегіз кезеңі өтті. Өрине, 12-14 қарашада Польшаның Томашов қаласында өткен кезеңде Надежда Морозованың 1500 метр қашықтықта қола жүлде жеңіп алуды сенсацияға тең жаңдық болды. Ұлттық құрама бас бапкері Дмитрий Бабенко пандемияға байланысты әлем кубогы кезеңдерінің де, тіпті кейбір бағдарламалардың да қысқару спортшыларға психологиялық соққы болып жатқанын айтып қалды. «Олимпиадаға жолдама алған спортшылар тізімі ресми түрде қаңтар айында белгілі болады. Ал қысқы ойындар басталғанша спортшылар елде жаттығу жиынын өткізбейсіз. Дайындықтың негізгі бөлігін Нур-Султанға өткіземіз. Сондай-ақ олимпиадаға аттанбас бұрын, елордада бақылау жарыстарын ұйымдастырамыз деген жоспарымыз бар. Жаттығу жиындары жоспар бойынша өтіп жатыр. Спортшыларымыз олимпиадаға бабында бару үшін бар жағдайды жасаймыз», — деді бас бапкер.

Бұл спорт түрінен Канаданың Калгари қаласында өткен төрт құрлық чемпионатында Денис Кузин, Дмитрий Морозов, Екатерина Айдова сияқты спортшылардың топ жаруы да сүйсінікті. Бірақ оларды олимпиада жүлдесінен үміткер деуге бола қоймас. Биатлон Екатерина Хрусталева дәуірінен кейін Қазақстан биатлоншының жарқ еткен жұлдызы шағы аяқталған сияқты. Жақында ұлттық құрама бапкерлері бұл спорттан ізбасарлар табудың өзі қиын соғып отырғанын айтты. Данил Белецкий, Александр Мухин, Владислав Киреев, Галина Вишневская, Дарья Климина, Анастасия Кондратьева сияқты спортшылар жаңа маусымда жеке жарыстарда да, командалық эстафеталарда да көзге түсе алатын емес.

Айта кетейік, Бейжің Олимпиадасы был 4-20 ақпан аралығында өтеді. Алдың ала мәлімет бойынша 4 мыңнан астам спортшы 95 елден катысады деп жоспарланып отыр. Олимпиада ойындары Қытайдың үш қаласында, Бейжің, Яньцзин және Чжанцзяжоу қалаларында өтеді. Жолдама үнемірлетін додалар 16 қаңтарда елдің жалғастап және оған дейін отандық спортшылар 50-ден астам лицензиялы турнирге қатысуды көздейді.

Буровтың дайындығы тастүйін. Ол төрт кезеңде де топ жарды. Төрт кезеңде төрт елдің спортшысы тұғырға соңғы жылдары даму қарқыны жоғарылап, өз арасынан әлемдік деңгейде мықты спортшылар тәрбиелеп шығарған спорт түрлерінің бірі — шорт-трек. Қазақстандық жанкүйерлердің жадынан Нұрберг Жұмағазиев пен Абзал Әбіғалиевтің жетістіктері өше қоймағаны анық. Былғы маусымды шорт-трекшілеріміз жақсы бастаған еді.

Бейжіңдегі болашақ олимпиаданы қабылдайтын аренада 23-24 қазанда өткен әлем кубогы кезеңінде екі отандасымыз үздік үштікке енді: алдымен Денис Никиша 500 метр қашықтықта қола жүлдегер атанса, араға бір күн сапып Әділ Ғалиахметов 1500 метр жарыста күміс қола жеңді. Екінші кезең қазан айының соңында Жапонияның Нагоя қаласында ұйымдастырылды. Мұнда да Никиша 500 метрде мәре сызығын үшінші болып кесті. Бірақ содан кейін шорт-трекшілеріміз жеңіс тұғырына көтеріле алмай келеді. Дербезен (Венгрия, 18-21 қараша), Дордrecht (Нидерланд, 25-28 қараша) қалаларында өткен сындарда ерлер де, әйелдер де табыс биігінен көріне алмады. Әлем кубогының қорытындысында ешбір спортшы үздік бестікке ене алған жоқ. Дегенмен бұл жарыстардың бәрін олимпиадаға дайындық кезеңі деп қарастырамыз. 2014 жылғы Сочи олимпиадасынан бері шорт-трекшілеріміз олимпиада жүлдесіне жақындап келе жатқандай көрінеді. Жұлдызда сәт Бейжіңде туындап жатса, еш артық болмас еді. Шаңғымен жүгіру Владимир Смирнов, Андрей Невзоров дебютінен кейін Николай Чеботько мен Алексей Полторанин Қазақстанның туын біраз сында желбірлеткен еді. Алайда Чеботько спорттағы ғұмырына нүкте қоя сала жол апатынан көз жұмды. Полторанин допинг дауына шырмаған күйі хабарсыз. Қазіргі қазақстандық шаңғышылар жанкүйерлерін жұп арада қуантқы да екіталай. Рукада (Финляндия), Лиллехаммерде (Норвегия), Давоста (Швейцария),

Қорыта келгенде, олимпиада қарсаңында Қазақстандық нәтижелері үмітке жетелейді. Ал Галишева бабына асықпай еніп, тура олимпиадаға сақадай сай болып баруды көздейтін сияқты. Ал Горд-коның прогресі, өрине, қуантпай қоймайды. Ерлер арасында қазір М.Кингсберри мен жапониялық әлем чемпионы Икума Хорисиманың көрсеткіштері жақсы. Өкілдер арасында австриялық Жакара Антони үш кезеңде де жүлдегерлер қатарына енді, ал тағы бір жапониялық спортшы Анри Кавамура екі рет жеңіс тұғырынан орын тапты. Бұлар оларды Бейжің олимпиадасының фавориті деуге ерте. Фристайл жерботикасы. Бұл бағдарламада бар үміт Жанбота Алдабергеновада екені сөзсіз. Шымкенттік спортшы әлем кубогының 2 желтоқсандағы алғашқы кезеңінде күміс медаль жеңіп алған еді. Ол Қытай спортшысы Кон Фаноді гана алға жіберді. Ақмаржан Қалмырзаева — 13, Ана Жолдас — 23, Мәржан Ақжігіт 39 орынға лайық бағаланды. Бір күннен кейін өткен екінші кезеңде Жанбота бұрынғы биігін ұстап тұра алмады (28 орын). Ал Қалмырзаева тұрақты өнер көрсетті (14 орын). Жолдас пен Ақжігіт көп алға жылжы қойған жоқ. Бұл күні ерлер арасында Шерад Қашырбаевтың алғашқы кезеңде үздік төрттікке енуі айтарлықтай оқиға болды. Роман Иванов пен Илдар Батрутдиновтер үздік отыз спортшы санынан тыс қалды. Жалпы осыған дейінгі төрт кезең де Рукада (Финляндия) ұйымдастырылды. 11 желтоқсанда өткен үшінші кезеңде Алдабергенова қайта серпілді. Бұл жолы ол жарыс күнін үздік төрттікке аяқтады. Ақжігіт 14 орынға серпіліп, жақсы ілгерілесіе, Қалмырзаева бұрынғысынан төрт саты кейіндеді (18 орын). Бір күннен кейін Алдабергенова — 8, Қалмырзаева — 22, Жолдас — 25, Ақжігіт 30-нәтиже тіркеді. Осы көрсеткіштерге қарай отырып, Жанботаның маусымға жақсы кірігіп келе жатқанын байқауға болады. Бейжің олимпиадасы кезінде нағыз бабында болса, Алдабергенова үлкен сенсация жасауы да ықтимал. Ал Ақмаржан соңғы кезде жақсы өсіп келе жатыр. Әлем кубогының өзінде соңғы кезеңде ғана ол үздік жиырма спортшының сапына ене алмады. Жолдас пен Ақжігітке өлі де тұрақтылық жетпей жатыр.

Ерлер арасында Ш.Қашырбаев үшінші кезеңді 9, төртінші кезеңді 33 орынмен тәмамдады. Яғни Шерад та өлі тұрақты өнер көрсете алып жатқан жоқ. Бірақ екі бірдей кезеңде

Ерлер арасында олимпиада чемпионы Майкл Кингсберридің ізін ала Павел Колмаков екінші нәтиже көрсетті. Павел Кингсберриден небары 0,89 ұпай ұтылды. Сергей Романов — 42, Олег Цин — 47, Роман Бондарев 60 нәтиже тіркеді. Одан кейін Швейцарияның Идре қаласында өткен әлем кубогы кезеңінде Галишеваның нәтижесі нашарлай түскенін байқадық. Ол жеке сында үздік ондыққа ене алмады (13 орын, 76,55 ұпай). Жарысты Өміренова — 28, Гордико — 32, Олеся Граур 37 орынмен аяқтады. Ерлер арасында Колмаков 82,52 ұпаймен бесінші сатыға сырғыды. Қалған үш спортшы қырық мықтының арасына ене алған жоқ. Алып де Юзде (Франция) өткен үшінші кезеңде әйелдер арасында 16 жастағы А.Гордико үздік ондыққа ене алды. Галишева 14, Өміренова 21 көрсеткішке ие. Ерлер арасында Колмаков үздік ондықтан төмендеген жоқ. Дегенмен бұл жолы оның тағы да төмендей түскенін байқауға болады (8 орын).

Ерлер арасында олимпиада чемпионы Майкл Кингсберридің ізін ала Павел Колмаков екінші нәтиже көрсетті. Павел Кингсберриден небары 0,89 ұпай ұтылды. Сергей Романов — 42, Олег Цин — 47, Роман Бондарев 60 нәтиже тіркеді. Одан кейін Швейцарияның Идре қаласында өткен әлем кубогы кезеңінде Галишеваның нәтижесі нашарлай түскенін байқадық. Ол жеке сында үздік ондыққа ене алмады (13 орын, 76,55 ұпай). Жарысты Өміренова — 28, Гордико — 32, Олеся Граур 37 орынмен аяқтады. Ерлер арасында Колмаков 82,52 ұпаймен бесінші сатыға сырғыды. Қалған үш спортшы қырық мықтының арасына ене алған жоқ. Алып де Юзде (Франция) өткен үшінші кезеңде әйелдер арасында 16 жастағы А.Гордико үздік ондыққа ене алды. Галишева 14, Өміренова 21 көрсеткішке ие. Ерлер арасында Колмаков үздік ондықтан төмендеген жоқ. Дегенмен бұл жолы оның тағы да төмендей түскенін байқауға болады (8 орын).

Қорыта келгенде, олимпиада қарсаңында Қазақстандық нәтижелері үмітке жетелейді. Ал Галишева бабына асықпай еніп, тура олимпиадаға сақадай сай болып баруды көздейтін сияқты. Ал Горд-коның прогресі, өрине, қуантпай қоймайды. Ерлер арасында қазір М.Кингсберри мен жапониялық әлем чемпионы Икума Хорисиманың көрсеткіштері жақсы. Өкілдер арасында австриялық Жакара Антони үш кезеңде де жүлдегерлер қатарына енді, ал тағы бір жапониялық спортшы Анри Кавамура екі рет жеңіс тұғырынан орын тапты. Бұлар оларды Бейжің олимпиадасының фавориті деуге ерте. Фристайл жерботикасы. Бұл бағдарламада бар үміт Жанбота Алдабергеновада екені сөзсіз. Шымкенттік спортшы әлем кубогының 2 желтоқсандағы алғашқы кезеңінде күміс медаль жеңіп алған еді. Ол Қытай спортшысы Кон Фаноді гана алға жіберді. Ақмаржан Қалмырзаева — 13, Ана Жолдас — 23, Мәржан Ақжігіт 39 орынға лайық бағаланды. Бір күннен кейін өткен екінші кезеңде Жанбота бұрынғы биігін ұстап тұра алмады (28 орын). Ал Қалмырзаева тұрақты өнер көрсетті (14 орын). Жолдас пен Ақжігіт көп алға жылжы қойған жоқ. Бұл күні ерлер арасында Шерад Қашырбаевтың алғашқы кезеңде үздік төрттікке енуі айтарлықтай оқиға болды. Роман Иванов пен Илдар Батрутдиновтер үздік отыз спортшы санынан тыс қалды. Жалпы осыған дейінгі төрт кезең де Рукада (Финляндия) ұйымдастырылды. 11 желтоқсанда өткен үшінші кезеңде Алдабергенова қайта серпілді. Бұл жолы ол жарыс күнін үздік төрттікке аяқтады. Ақжігіт 14 орынға серпіліп, жақсы ілгерілесіе, Қалмырзаева бұрынғысынан төрт саты кейіндеді (18 орын). Бір күннен кейін Алдабергенова — 8, Қалмырзаева — 22, Жолдас — 25, Ақжігіт 30-нәтиже тіркеді. Осы көрсеткіштерге қарай отырып, Жанботаның маусымға жақсы кірігіп келе жатқанын байқауға болады. Бейжің олимпиадасы кезінде нағыз бабында болса, Алдабергенова үлкен сенсация жасауы да ықтимал. Ал Ақмаржан соңғы кезде жақсы өсіп келе жатыр. Әлем кубогының өзінде соңғы кезеңде ғана ол үздік жиырма спортшының сапына ене алмады. Жолдас пен Ақжігітке өлі де тұрақтылық жетпей жатыр.

Ерлер арасында Ш.Қашырбаев үшінші кезеңді 9, төртінші кезеңді 33 орынмен тәмамдады. Яғни Шерад та өлі тұрақты өнер көрсете алып жатқан жоқ. Бірақ екі бірдей кезеңде

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ҚАЙДА ӨТЕДІ?



Қазақстан 2026 жылы шайбалы хоккейден әлем чемпионатын өткізуге үміткер елдердің қатарына қосылды. Қазақстандық тараптың өтінімі Халықаралық шайбалы хоккей федерациясына 10 қаңтарда берілді.

Віск-тің хабарлауынша, әлем чемпионаты 2020 жылы өтуі тиіс болған. Бірақ турнир коронавируспен байланысты өтпей қалды. Айта кету керек, турнирге Қазақстаннан басқа Швейцария да үміткер. Швейцариялық хоккей қауымдастығы дүбірлі дода уақытында өтпегеніне байланысты 6,7 миллион доллар сактандыру ақшасын алған еді. Енді әлем чемпионатын өткізу құқығына тағы да таласпақ.

Басылым елдегі толқуларға қарамастан қазақстандық өтінімнің жеңіске жету мүмкіндігі жоғары екенін жеткізді. Шайбалы хоккейден әлем чемпионаты бұрын-соңды Қазақстан аумағында өткізілмеген.

АРМАН ОСПАНОВ АЛАҢҒА ШЫҒАДЫ



Аралас жекпе-жектер Eagle FC лигасы 28 қаңтарда Майамиде өтетін EFC 44 турниріне екі жекпе-жек қосты. Оның біріне қазақстандық файтер Арман Оспанов (11-4) қатысады.

Оспановтың қарсыласы кикбоксингте Гига Чикадзени жеңіп шыққан әйгілі француздық Дилан Сальвадор (4-1) болмақ. Жекпе-жек елорда уақыты бойынша 29 қаңтар күні таңертең өтеді.

Айта кетейік, Арман Оспанов осыған дейінгі жекпе-жетін маусым аясында Нью-Джерсиде (АҚШ) PFL 4 турнирінде өткізіп, америкалық Крис Уэйлді (20-7) екінші раундта нокаутқа түскен. Қаңтар айында өтетін турнирде бақ сынайтын Арманға артылар сенім мол.

ГИННЕС РЕКОРДТАР КІТАБЫНА ЕНДІ



19 жастағы қазақстандық Руслан Фатахов кермеге тартылудан бес жаңа рекорд орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ол кішкентай кезінен спортпен айналысқан. Алғашында грек-рим күресін жақсы көрген, кейін жеңіл атлетикамен, футболмен, баскетболмен, волейболмен, ал 16 жасында стритлифтингпен айналысқан.

«Спорт — менің өмір салтым. Жеңіске жеткенді, бірінші болғанды жақсы көремін. Стритлифтинг — өз-өзімнен күресу. Басында артық салмақпен көтеріле алмадым, бірақ ауыр жаттығулар өз нәтижесін берді. Былтыр жазда дене салмағым +32 келіде тартылуда әлем чемпионы атандым. Чемпионат Киветте өтті», — деді Руслан.

Руслан былтыр қазанда Гиннестің рекордтар кітабына «қосымша салмақпен тартылу» номинациясына өтінім берген. Ол осы номинациядағы барлық жеті рекордты жаңартуға шешім шығарған. Быыл сәуірде екі жаттықтырушының қатысуымен фото, видеоға түсіріп жасаған. Видео мен қажет құжаттарды жіберген Руслан алты айға жуық уақыт жауап күткен. Жақында оның бес рекорд жаңартқаны расталды.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

Тіршілік тынысы телефонға тәуелді кезең ақпарат алу мен таратуға, адамдардың тікелей байланысына қолжетімділік сыйлады. Алайда «жарықтың жылдамдығын жолда қалдыратын» ақпарат ағыны түрлі жағдайда көпшілікке қауіп төндіруі де мүмкін. Себебі апатты және төтенше жағдайлар, әсіресе, елде саяси оқиғалар орын алған кезде жалған ақпарат легі тез тарайды. Ресми БАҚ-тың басты өкілі ұлттық арналар мен ұсыған дүниесін сүзгіден өткізе білетін санаулы сайтты қарамайтын адамдардың желі ішінде желдей ескен өсек-аяң сынды жалған ақпаратқа сенетіні тағы бар. Мойындау керек, жалған ақпарат ел ішіне ірікті салу мақсатында әдейі таратылуы мүмкін. Қалай болғанмен де жалған ақпаратты жазған да, оны таратқаны да жазасыз қалмайды.

Жалған ақпарат үшін жаза қатаң

Жоғарыда айтқандай жұрт дүрлігіп, митинг сынды саяси оқиғалар орын алғанда, қарапайым халық мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмай жатады. Оны анықтау мен жаңындарына баяндау үшін желідегі топтарға тарата түсетіні де рас. Жалған ақпарат жай ғана қате ойлау мен алып-қашпа әңгімеге жол сілтемейді. Сонымен бірге елдің тыныштығын бұзып, түрлі қылмысқа да апарып жатады. Тіпті, қандай тақырыпта болмасын жалған ақпарат таратудың өзі қылмыс екенін көпшілік бейхабар. Қазақстанда жалған ақпарат таратқан адамға 20 АЕК сомасында айыппұл төлеуден бастап 7 жылға бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза белгіленген. 2015 жылы жаңа Қылмыстық кодекстің қабылданғаннан кейін жалған ақпарат тарату 274-бапқа сәйкес қылмыс түрінде қарастырыла бастады. Атап айтсақ, бұл бапта былай жазылған: «Қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат тарату – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, сонымен қатар бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге және сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Журналист, қоғам белсендісі Бәлла Орынбетова ақпаратты тексерудің он-оңай екенін, алайда адамдардың бұған назар аудармайтынын айтады. «Адам бір ақпаратқа назар аудармай, тексеруді қажет етпей өтіп кетсе де, кейін біреумен дауласқанда аргумент ретінде оны шын ақпарат ретінде беретін феномен бар. Кез келген ақпарат адам санасында

сақталып қалады. Сөйтіп, жалған ақпаратпен күресушінің өзі де фейк ақпаратқа сеніп, оны кейін қолдануы мүмкін. Сондықтан әр ақпаратты тексеріп тұруды әдетке айналдыру керек, – дейді ол.



Психолог

Мырзабаев

болса бұл туралы:

«Ақпарат аидында

шынайы ақпарат пен өтірік арасындағы айырмашылық. Жалған ақпарат тез таралып кетеді, ал шынайы ақпарат көшігіп барады. Бұл жерде мынаны ескеру керек. Өтірікті тарату оңай. Ал шындықты зерттеп, зерделеп керек, факт жинау керек, оны сананың сүзгісінен өткізіп, қорытынды жасау қажет», – дейді. Демек кез келген ақпарат – жауапкершілік. Сондықтан жалған ақпаратты дер кезінде анықтап, өзгерістер таратудан аулақ болайық.

Дина БӨКЕБАЙ

Ел аумағында орын алған қайғылы жағдайдан соң қызылорда қаласындағы кіреберіс жолдарға блок-бекеттер қойылып, кінәлілерді анықтау шарасы жүргізілуде. Жол бойы бақылау күшейіп, көліктер толық тексерістен өтуде. Оқыс оқиғадан соң жағдайдың ұшыққанын сезген тұрғындар да байсалдылық танытып, қажетті тексеріске түсіністік танытып келеді. Блок-бекеттің жанынан көлікті-жаяулы өткен жүрт жеке басын қулаңдыратын құжат көрсетіп, тиесілі қоржынында қауіпті заттың жоқтығын көрсетіп өтуде. Қалаға кіреберіс жол бойындағы ұзын-сонар көлік көптелісіне қарамастан жүргізушілер де сабырлық сақтап, тыныштықтың бұзылмауын тілеп өтетіні байқалады...

Расында, ел көлемінде орын алған қайғылы жағдайдан соң содырларды өшкерелеу, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту бағытында жүзегі жұмыс жүріп жатқаны жасырын емес.

бүлікшілер жасырынғы мүмкін деген толғау, су арналарында да тексеруден өткізеді. Алайда ескерту мен хабарландыруға

Блок-бекеттегі бақылау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы тапсырма беріп, кінәлілерді іздеу шарасын қатаң бақылауға алуға тапсырған-туғын. Қылмыскерлерді құрықтау операциясынан бөлек, бейберекетсіздік кезінде ұрлық жасап, мүлік қырымдаған азаматтардың бой тасалауына да тоқсауыл қойылуда. Осы мақсатта блок-бекетте қаладан кіріп-шыққан көліктерді жүксылғышы, азаматтардың жеке дерегі мұқият саралануы үстінде. Жалпы Қызылордада тәртіп сақшылары 225 бүлікшіні ұстап, оның 50-не қатысты қылмыстық іс қозғаған. Аймақтағы антитеррорлық операция әлі де жалғасып, ланкестерді құрықтау жүргізілуде.

Блок-бекеттердегі қауіпсіздік шарасы толық бақылауда. Көліктерді, азаматтардың жеке басын қулаңдыратын құжаттарды тексеру тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Азаматтардың жанынан күдікті деп танылған зат табылған жағдайда дереу полиция бөлімшесіне жеткізіліп, оқиғаның ақ-қарасын анықтау жүргізілуде. Қала төңірегінде блок-бекет тәулік бойы жұмыс істеп тұр. Осы орайда қала тұрғындарын оқиғаға сабырмен қарап, қажетті талапты орындауға шақырамын, Бұл алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жасалған әрекет екенін баса айтқым келеді, – дейді Қызылорда қалалық полиция басқармасы басшысының орынбасары Азамат Оспанов.

Шаһарда блок-бекеттегі тексерістен бөлек, коменданттық режим де қатаң бақылауға алынған. Бұл аралықта құқық қорғау органдарының қызметкерлері қылмыскерлерді іздеу жұмысын жүргізіп, нәтижеге қол жеткізуге таптында. Мәселен, түнгі сағат 23.00-де ауыр өкпеі техникамен жарактанған «Арлан», «Барыс» топтары әуежай маңындағы елді мекендерді аралайды. Сондай-ақ саяжайларды түгел тексеріп,



басары Серік Ахметтің мәлімдеуінше, аймақта коменданттық режим сақталуда. – Барша Сыр елінің азаматтарынан тәртіпті сақтап, үйде болуға шақырамыз. Аса қажеттілік жағдайында ғана үйден шығып, күліктеріңізді бірге алып жүруге кеңес береміз. Құнын кезеңді бірікпен жеңейік. Күшіміз – бірігіміз. Қоғам тыныштығын сақтау бағытында блок-бекеттер санын арттырдық. Бүгінгі күні

P.S. Ел тілегі – тыныштық. Сәтте болсын берекесіздіктің орнауы қоғам жанына жылдар бойы орны толмас жара салатыны анық. Бұл өз кезегінде елдің рухани дамуы, экономикалық өркендеуін жеңілдетеді. Рас, азаматтардың еркін ойлы, азаматтық болуы өзіміздің қоғамымыз бастауы. Алайда пікір қайшылығы мен теріс психологиялық топтың озбыр әрекеті жазықсыз жандардың өмірін жалмамауы қажет. Себебі кезеңде уақыт жеке мүдде мен топтың мұратын ел тыныштығы жолында құрбан етеуді де талап етеді...

Берен ШАҒЫРОВ

JULDYZ - JORAMAI

(13 – 19 қаңтар)



Тоқты

Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Түйсігіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпаны екенін айқын білдіреді. Қосымша табыс табу үшін барыншады сапаныз. Көсібі біліктілігіңізді арттыру жолында жұмыс жасаңыз. Алыс жерден қуанышты хабар келуі мүмкін.



Торпақ

Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге еңбек етіңіз. Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер апталық демалысты тиімді пайдаланғыңыз келсе, аздап босаңсып, еріксізге рұқсат. Мұндай жағдайда бар уақытты жеке өмірге, отбасына арнаңыз.



Eгіз

Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта: Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және ұзақ мерзімді жоспар құруға қолайлы сәт. Көптеген жағымды таныстықпен қызықты шарапар күтіп тұр.



Шаың

Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады. Дәл осы уақытты тиімді пайдаланып, шығармашылықпен айналысыңыз. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көкжиегіңізді кеңейтіп, жаңа қырыңызды ашуға талпыныңыз.



Арыстан

Ойыңызда көптеген жақсы идеялар туындайды. Жалқаулықтан арылып, идеяларыңызды жүзеге асыруға талпынаңыз, табыс пен нәтижеге жетесіз.



Бикеш

Айналаңызға тыныштық орнатыңыз. Себебі, бұл аптада сізге жұмсалған қуаттың орнын тоқтыра қажет. Мүмкін болса, мойныызға көп міндет алмаңыз. Біреумен ренжісесіз, татуласуға алғашқы қадамды өзіңіз жасайсыз.



Таразы

Бұл аптада табиғат аясында сейіл құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны да аз болады. Қосымша табыс түскелі тұр. Қолыңызға тисе, өзіңіз бен жаңындарыңызды қуантау жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен жағымды энергия береді. Адамдармен қарым-қатынасыңыздың жақсаруына сәттілік тігіледі.



Сарышаян

Ойға алған шаруаларды жүзеге асыруға батыл кірісіңіз. Бұл жолда өріптерстерден көмек сұрап, қол ұшын созғандарды кері итермеңіз. Өсек-аянға мән бермеңіз. Салдарынан қате қадам жасасаңыз, зардабы өзіңізге тиеді.



Мерген

Бірнеше істі мойыңа қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс істез. Қызметтегі белсенділік – бұл мақтауға тұрарлық дүние. Дегенмен, денсаулық бөрінен маңызды. Сондықтан шаруаларды аздап кідіріп, денсаулығыңызға мән беріңіз.

Жаңа жоспарлар құрамын деп, бұрынғы аяқсыз қалған шаруаңызды естен шығармаңыз.



Тауешкі

Алдағы аптада кез келген жағдайда барынша сабырлық сақтауға тырысыңыз. Сізді ағартатын жағдайлар келген, сол арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді қалайтындардың құрығына ілінбейсіз. Бұл аптада ешкімен қарыс сұрамаңыз, ешкімге қарыс бермеңіз.



Суқұйыш

Дәл қазір сізге ең көрегі – бойыңызды босаңсытып, тынығу. Жеке өмірде орын алатын кез келген тосынсыздыққа іштей дайын жүріңіз. Егер ол жайсыз болса, еш мойымаңыз, келесі кезек жақсы тосын-сыйды.



Балық

Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі туындай. Өріптерстер арасындағы абыройыңызға да жақсы әсерін тігіледі. Өзіңізге сенімді болсаңыз, осы аптада біршама биікті бағындырасыз.



Қызылорда

Қызылорда қаласында 5, 7 аудан бойынша 22 блок бекеттері қойылды. Мұнда әр көлік тоқтатылып, азаматтардың құжаттары мұқият тексеріліп жатыр, – дейді Серік Әбжанұлы. Бүгінде тіршілікті қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Өңірде асық-түлік қорында тапшылық жоқ, 34 әлеуметтік дүкен қалыпты жұмыс істеді. Облыс әкімдігінің дерегіне сүйенсек, Тұрақтандыру қорының қоймасында 1448 тонна өнім сақталуы. Алта сайын 120 автокөлік Түркістан қаласынан азық-түлік тауарларын тасымалдайды.

Оған қоса тұрмыстық тіршілікке қажетті газ, бензин қорында да жетіспеушілік жоқ. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында сұйылтылған газ бағасы – 60-65 теңге, АІ-92 – 180 теңге, дизель 229 теңге шамасында. Тағы айта кетерлігі, банкітердің мобилді қосымшасы интернетсіз аударым жасауға мүмкіндік ашқан. Ал облыстағы «Halyk Bank»-тың 60 банкоматы жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар әуежай қызметі штаттық режимде жұмысын бастады. Қызылорда-Нұр-Сұлтан бағытында әуе рейсі жанданды. Әуежай алаңына тек билеті бар жолаушылар ғана кіргізіледі. Әуежайда да арнайы күзет бекеті орнатылған. Ал, қоғамдық көліктерде 125 автобус қызмет жасауда. Аудандарлық көліктер автовокзалдар мен автостанциялар жұмыс істеді.

Көзекші редактор: Гүлдана ЖИМДИН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС шенеуніктері басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 654245. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 47